Бекітемін:
«Ара Майя» ЖШС
«Ара Майя» бөбекжайы
Меңгерушісі
Г.Т.Кусаинова

Ортаңғы және ересек топ: 3-4 жастағы балалар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде «Балдырған» тобының
2026- 2027 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

Тәрбиешілер: А.О. Акниязова, Н.Г. Сагиева

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы
1 апта
ҚЫРКҮЙЕКЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Апта дәйексөзі
«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі 01.09.2026**	**Сәрсенбі 02.09.2026**	**Бейсенбі 03.09.2026**	**Жұма 04.09.2026**
Балаларды қабылдау Күй күмбірі»: Балалық шақ » күйін тыңдаубалалардың күйді эмоционалды қабылдауын, ұлттық музыкаға қызығушылығын қалыптастыру		**«Көңіл күй гүлі»**бала өзінің көңіл күйіне сәйкес гүл күлтесін немесе түсті таңдайды.	**«Смайликпен қарсы алу»**бала өз көңіл күйіне сәйкес смайликті таңдап, тәрбиешімен амандасады.	**«Жүрекше сыйлаймын»**тәрбиеші әр балаға жылы сөз айтып, жүрекше белгісін ұсынады.	**«Амандасу таңдауы»**бала қол алысу, алақан соғыстыру, құшақтасу немесе қол бұлғау тәсілдерінің бірін таңдайды.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз. Киімдерін кию ретін еске салып, асықтырмай орындауына уақыт беріңіз. Қажет болған жағдайда ғана көмек көрсетіңіз. Бұл баланың дербестігін	Таңғы асқа пайдалы әрі дәруменге бай тағамдар ұсыныңыз. Баланың қасықты өзі ұстап, өздігінен тамақтануына мүмкіндік беріңіз.	Баланы балабақшаға жылы көңіл күймен шығарып салыңыз. «Бүгін достарыңмен жақсы ойнайсың», «Сенің күнің	Балаға ауа райына сәйкес екі киімнің бірін таңдауға мүмкіндік беріңіз. «Қай жейдені кигің келеді?», «Бүгін күн салқын, үстімізге не киеміз?» деп сұрап, өз таңдауын жасауға үйретіңіз.

		және өзіне деген сенімділігін қалыптастырады.	Тамақтану кезінде тазалық пен ұқыптылық дағдыларын жайлап еске түсіріңіз.	көңілді өтеді» деген жағымды сөздер айтыңыз. Бұл баланың балабақшаға сенімді әрі көтеріңкі көңіл күймен баруына ықпал етеді.	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) **«Өнегелі 15 минут»**		**«Қауіпті ме, қауіпсіз бе?»** Тәрбиеші балаларға қауіпсіз және қауіпті әрекеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар қауіпсіз әрекетті таңдап, қауіпті әрекетке «болмайды» деп жауап береді. **Қауіпсіздік мәдениеті**	**«Сөзді жалғастыр»** Тәрбиеші таныс сөздердің басын айтады, балалар жалғастырады: «ал-ма», «ба-ла», «до-п». Дұрыс айтқан баланы мадақтайды. **Тіл дамыту**	**«Таза аула»** Балалар ауладағы қағаз, жапырақ сияқты қоқыстарды арнайы жәшікке жинайды. Тәрбиеші «Таза жерде ойнау жағымды» деп түсіндіреді. **Таза Қазақстан**	**«Кімдікі?»** Тәрбиеші бірнеше баланың заттарын ортаға қояды. Балалар заттың иесін табады. «Біреудің затын рұқсатсыз алмаймыз» деген түсінік беріледі. **Құқықтық сауаттылық**
Ертеңгілік жаттығу		Қолды жоғары көтеріп, денені созу. Қолды екі жаққа	«Жаңбыр тамшыларын ұстаймыз»қолды	«Гүл ашылды»қолды жоғары	Қолды жоғары көтеріп, денені созу.

		жайып, «қанат қағу» қимылын жасау. Тізені кезекпен көтеріп жүру. Орнында екі аяқпен жеңіл секіру. **Салауатты өмір салтына баулу**	ы алға созып, саусақтарды қимылдату. Денені оңға және солға жеңіл еңкейту. Тізені кезекпен көтеріп жүру. Аяқтың ұшымен баяу жүру. **Салауатты өмір салтына баулу**	көтеріп, екі жаққа жайып ашу. «Құстар ұшты»қолды қанат сияқты сермеу. Денені оңға және солға баяу бұру. Тізені сәл бүгіп, жеңіл отырып-тұру. **Салауатты өмір салтына баулу**	Қолды иыққа қойып, иықты баяу айналдыру. Орнында жеңіл жүгіру. Екі аяқпен орнында жеңіл секіру. **Салауатты өмір салтына баулу**
Таңғы ас		Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты**	Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әріҰІӘ)		Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз	Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық	Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс,	Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына

		пайдалану. Орталық тардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.**	материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге бау лу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат»«Заң мен тәртіп».**	сурет салу бұрыштарына бағыттау, құра лдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға д ағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.**	қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу**
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары көтеру және төмен түсіру, жан-жаққа созу, қолды белге қою, денені оңға және солға бұру, аяқтың ұшына көтерілу, тізені сәл бүгу және қайта түзу тұру. Әр жаттығуды 3–4 рет орындау.	**3 жастағы балалар:** Қазақ тілі Сөздік жұмыс: Сәлем, қайырлы таң, балабақша, бала, дос. Сөйлеу жаттығуы: «Сәлемдесейік» жаттығуы: педагог допты бір балаға беріп, «Сәлем, ...!» дейді. Бала допты	**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды иыққа қою, шынтақты алға-артқа қозғау, қолды жоғары созып аяқтың ұшына көтерілу, қолды екі жаққа жайып	**3 жастағы балалар:** Музыка Музыка тыңдау: «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев. Шығарманы соңына дейін тыңдату, көңілді сипатын қарапайым сөздермен және қимылмен сезіндіру. Музыкалық жанрмен таныстыру: Ән

		Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден бірқалыпты жүру; қысқа аралықта аяқтың ұшымен жүру; белгіленген тура жолмен жүріп өту; педагогтің белгісі бойынша тоқтау. Соңында допты екі қолмен 1–1,5 м қашықтықтағы жұбына домалату. Ырғақтық жаттығу: «Бір, екіқадам бас, үш, төрттоқтай қал!» сөздеріне сай қол сермеу, шапалақтау және жеңіл қадамдар орындау. **4 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары және жан-жаққа көтеру, иықты айналдыру, қолды белге қойып оңға-солға бұрылу,	қабылдап, педагогке немесе құрдасына сәлемдеседі. Сұрақ-жауап: «Бұл кім?» ойыны: педагог балаларды немесе ойыншықтарды көрсетіп, «Бұл кім?» деп сұрайды. Балалар «Бұлбала», «Бұлдос» сияқты қысқа жауап береді. Дидактикалық ойын: «Амандасу шеңбері»балала р кезекпен бір-біріне қарап «Сәлем!» дейді және қол бұлғайды. **4 жастағы балалар:** Қазақ тілі	тепе-теңдікті сақтау, жартылай отырып қайта тұру. 3–4 рет қайталау. Негізгі қимылдар: Аяқтың ұшымен 3–4 м жүру; сапта бір-бірден қозғалу; екі сызық арасымен тура жүру; белгі бойынша тоқтап, қалыпты жүріске ауысу. Жұппен отырып допты бір-біріне домалату. Ырғақтық жаттығу: Баяу әуенге «тыныш қадамбиік қадам» алмастыру, қолды жоғары	жанрымен таныстыру: педагог «Ойыншықтар» шығармасының ән екенін түсіндіреді; әнде әуен мен сөз бірге болатынын қарапайым түрде көрсетеді. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Серуендейміз, билейміз» А. Тоқсанбаев. Музыка басталғанда жүру, аяқталғанда тоқтау; педагогтің көрсетуімен алақан соғу, қолды екі жаққа созу. Музыкалық ойын: «Музыка тоқтады» ойыны әуен жүргенде балалар қимылдайды, әуен тоқтағанда орнында қатып қалады. **4 жастағы**

		аяқтың ұшына көтерілу. 4–5 рет қайталау. Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден адымдап жүру; 6–8 қадам өкшемен жүру; қалыпты жүріске ауысу. Педагогтің белгісі бойынша тоқтау және қайта қозғалу. Ырғақтық жаттығу: «Бір-екі, қадам бас, белгі болса тоқтай қал!» ырғағымен жүру мен тоқтауды үйлестіру. Қимылды ойын: «Команданы тыңда» «жүр», «тоқта», «адымда» белгілерін дәл орындау.		созып аяқ ұшына көтерілу. **4 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды екі жаққа созу, тізені бүгіп-түзету, өкшені кезек көтеру, аяқ ұшына көтерілу, денені тік ұстау. Негізгі қимылдар: Өкшемен 6–8 қадам, аяқтың сыртқы қырымен қысқа аралық жүру, кейін қалыпты жүріске ауысу. Сызық арасымен 4–5 м жүру.	**балалар:** Музыка Музыка тыңдау: «Балабақша бағында» С. Кәрімбаев, І. Шұғаев. Шығарманы соңына дейін тыңдау, көңілді сипатын анықтау және қай жерде естігендей әсер қалдырғанын қысқа айту. Ән айту: «Отан ортақ үйіміз» Д. Ботабаев. Әннің мазмұнын түсіндіріп, педагогпен бірге жеңіл қайырмасын айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Серуендейміз, билейміз» А. Тоқсанбаев. Музыка басталғанда жүру,

				Ырғақтық жаттығу: «Өкше қадам, сыртқы қыр қадам» ырғағымен баяу қозғалу. Қимылды ойын: «Ізден шықпа» белгіленген аяқ іздерімен жүріп өту.	би бөлігіне ауысқанда жеңіл қимылдар жасау, аяқталғанда тоқтау. Музыкалық ойын: «Қатты ма, ақырын ба?» педагог шығарманың қысқа үзінділерін әртүрлі динамикада орындап, балалардан қимылмен ажыратуды сұрайды.
Серуенге дайындық		Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты**	Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті**
Серуен		Күзгі жапырақтарды бақылау **Бақылау,**	Аспан мен бұлттарды бақылау	Құмның қасиетін бақылау	Ойын алаңын бақылау **Бақылау,**

		зерттеу: Ауладағы ағаштар мен жапырақтарды бақылау. Жапырақтардың түсіне, көлеміне назар аударып, жерге түскен жапырақтардың арасынан үлкен және кішкентайын табу. «Жапырақтың түсі қандай?», «Қай жапырақ үлкен?» деген қарапайым сұрақтар қою. **Қимылды ойын:** «Жапырақтар ұшады». Балалар алаңда еркін қозғалады. «Жел соқты!» дегенде қолдарын екі жаққа жайып жүгіреді, «Жел тоқтады!» дегенде тоқтап қалады. **Балалардың дербес әрекеті:** Доппен жеке және жұппен ойнау. Допты екі	**Бақылау, зерттеу:** Аспанның түсін, бұлттардың пішіні мен қозғалысын бақылау. «Бұлт қандай түсті?», «Бұлт қозғалып жатыр ма?», «Неге ұқсайды?» деген сұрақтар арқылы балаларды әңгімеге тарту. **Қимылды ойын:** «Көбелектер мен гүлдер». Балалар көбелек болып алаңда еркін қозғалады. «Гүлге қонындар!» деген белгі бойынша белгіленген орындарға барып тұрады. **Балалардың**	**Бақылау, зерттеу:** Құрғақ және дымқыл құмды қарастыру. Қолмен ұстап көріп, құрғақ құмның сусып төгілетінін, ал дымқыл құмнан пішін жасауға болатынын байқату. Құмның түсін салыстыру. **Қимылды ойын:** «Қарлы ғаштар». Балалар қолдарын екі жаққа жайып, құстар сияқты алаңда қозғалады. «Ұяға!» деген белгі бойынша белгіленген орынға жиналады. **Балалардың**	**зерттеу:** Ойын алаңындағы сырғанақ, әткеншек, орындықтарды қарастыру. Олардың түсін, көлемін, орналасуын айту. Сырғанақтың биік және аласа бөліктерін көрсету. **Қимылды ойын:** «Маған қарай жүгір». Балалар тәрбиешінің белгісі бойынша белгіленген жерден тәрбиешіге қарай жүгіреді. Қайтадан орындарына барып, ойынды бірнеше рет қайталайды. **Балалардың дербес әрекеті:** Жерге қойылған жіптен аттап өту, қысқа аралықта екі аяқпен жеңіл секіруге талпыну.

		қолмен домалату, бір-біріне жақын арақашықтықтан беру, доптың артынан жүгіру. **Еңбекке баулу:** Түскен жапырақтарды тәрбиешінің көмегімен бір жерге жинау. Жинаған жапырақтарды шағын шелекке немесе себетке салу.	**дербес әрекеті:** Үш дөңгелекті велосипедпен немесе самокатпен белгіленген қауіпсіз бағытта жүру. Бір-біріне кедергі жасамай қозғалу. **Еңбекке баулу:** Құмсалғыштағы күрекше, шелек, қалыптарды реттеп, қолданылған ойыншықтарды орнына жинау.	**дербес әрекеті:** Құмнан мұнара, жол, шұңқыр жасау. Күрекше, шелек және қалыптарды пайдаланып еркін ойнау. **Еңбекке баулу:** Ойын аяқталғаннан кейін құмды күрекшемен тегістеп, құм ойыншықтарын жинау.	Балаларға өз қалауымен қозғалып ойнауға мүмкіндік беру. **Еңбекке баулу:** Сырғанақ пен ойын алаңы маңындағы қолданылған ойыншықтарды жинап, белгіленген орнына қою.
Серуеннен оралу		Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету «Адал азамат»«Заң мен тәртіп»	Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету «Адал азамат»«Заң мен тәртіп»	Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу «Адал азамат»«Заң мен тәртіп» еңбекке баулу	Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. «Адал азамат»«Заң мен тәртіп» еңбекке баулу
Түскі ас		Мәдени-гигиеналық дағдылар. Қасықты дұрыс	Мәдени-гигиеналық дағдылар.	Мәдени-гигиеналық дағдылар.	Қолды сабындап жуудың денсаулыққа

		ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	пайдасын түсіндіру Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету
Күндізгі ұйқы		Өз төсегін тауып жатуға үйрету. Баяу әуен тыңдату. **Салауатты өмір салты**	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **Салауатты өмір салты**	Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **Салауатты өмір салты**	Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру **Салауатты өмір салты**
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары		Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты**
Бесін ас		Тағамның жағымды	Қасық	Тамақ ішіп	Тағамның

		түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу	шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету	болғаннан кейін алғыс айту	жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**3 жастағы балалар:** «Балабақша қандай болады?» STEM-жобалау: «Балабақша макетін жасаймыз» Балаларға: «Ойыншық кейіпкерге жаңа балабақша қажет. Ол қандай болуы керек?» деген мәселе ұсынылады. Балалар топ бөлмесін бақылап, қажетті бөліктерін анықтайды: есік, терезе, ойын орны, үстел, орындық. Тіл дамыту: суреттер мен нақты заттарды қарастыру кезінде байланыстырып сөйлеу; а–ә, о–ұ дыбыстарын анық айту. «Балабақшада	**3 жастағы балалар:** «Топтағы заттардың құпиясы» Эксперимент-зерттеу: «Неден жасалған?» Балалар үстел, ойыншық, кітап, пластмасса ыдыс сияқты қауіпсіз заттарды қарап, ұстап, салыстырады. «Қатты ма? Жұмсақ па? Ауыр ма? Жеңіл ме?» деген зерттеу сұрақтары қойылады. Тіл дамыту: п–б, к–қ дыбыстарын сөз	**3 жастағы балалар:** «Балабақшадағы бір күн» Логикалық модельдеу: «Не қашан болады?» Балаларға таңертеңгі келу, күндізгі ойын, кешкі үйге қайту, түнгі ұйқы бейнеленген карточкалар беріледі. Оларды ретімен орналастырып, не болып жатқанын айтады. Тіл дамыту: т–д дыбыстары. Оқиғаларды байланыстыры	**3 жастағы балалар:** «Досыммен бірге шешемін» Проблемалық жағдаят: «Бір ойыншықекі бала» Балаларға «Екі бала бір ойыншықты қатар алғысы келді. Не істеуге болады?» деген жағдаят ұсынылады. Өз шешімдерін айтады: кезек күту, бөлісу, бірге ойнау. Тіл дамыту: ж–ш, с–з дыбыстарын анық айту; «кезек», «бөлісу», «көмектесу» сөздерін белсенді қолдану. Қазақ тілі: «Кел, бірге ойнайық», «Маған берші»,

		үстел бар», «Терезе үлкен» тәрізді сөйлемдер құрастыру. Қазақ тілі: «Бұл не?», «Бұлесік», «Терезе қайда?» қарапайым диалогтары. Зат атауларын өздігінен қолдану. Математика негіздері: құрылыс бөлшектерін біртекті топтарға бөлу, біреуін бөліп көрсету; ұзын-қысқа, кең-тар бөлшектерді салыстыру; шаршы, үшбұрыш, дөңгелекті тану; бөлшектерді солдан оңға орналастыру. Құрастыру: әртүрлі түсті және пішінді бөлшектерден балабақша макетін жасау. **4 жастағы балалар:**	ішінде айту. Заттың белгісін атап, «Кітап қатты», «Доп жеңіл» деген сөз тіркестерін қолдану. Қазақ тілі: зат атауларын ауызекі сөйлеуде өздігінен қолдану, қарапайым сұраққа жауап беру. Көркем әдебиет: топтағы заттарды ұқыпты пайдалану туралы шағын әңгімені тыңдау, мазмұнын түсіну. Математика негіздері: бірдей және қарама-қарсы заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру.	п айту: «Таңертең балабақшаға келемін. Күндіз ойнаймын». Қазақ тілі: таңертең, күндіз, кеш, түн сөздерін қарапайым сөйлемде қолдану. Көркем әдебиет: баланың бір күні туралы шағын мәтінді тыңдап, оқиғаның ретін анықтау. Математика негіздері: тәулік бөліктерін тану және атау; суреттерді солдан оңға ретімен орналастыру. Құрастыру: таңғы балабақша	«Рақмет» сөйлеу үлгілері. Көркем әдебиет: достық туралы әңгімені тыңдап, кейіпкердің әрекетін бағалау. Математика негіздері: балалардың жұптау; оң және сол жақта тұрған заттарды анықтау. Құрастыру: екі баладан бірігіп «Достық көпірін» салу. **4 жастағы балалар:** «Мен өстім» Зерттеу-әңгіме: «Кеше, бүгін, ертең» Балалар сәбилік, қазіргі және болашақ кезеңдерін бейнелейтін суреттерді салыстырады. Тіл дамыту: «Мен кішкентай

		«Менің балабақшам қандай?» STEM-жобалау: «Болашақ балабақшасын жобалаймыз» балалар балабақша ғимаратының, топ бөлмесінің суреттерін қарап, «Балабақшада не болуы керек? Неліктен?» деген сұраққа жауап береді. Кейін құрылыс материалдарынан өз балабақшасының үлгісін жасайды. Тіл дамыту: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту; «балабақша, бөлме, кітап бұрышы, ойын алаңы, асхана» сөздерінің қолданылу маңызын түсіндіру. «Менің балабақшамда ... бар» үлгісімен	Құрастыру: зерттелген бөлшектердің пішінін ескеріп, ойыншықтарға сөре құрастыру. **4 жастағы балалар:** «Топ бөлмесінің құпиялары» Зерттеу-экспедиция: «Не үшін қажет?» Балалар топ ішіндегі бірнеше орталыққа бөлініп зерттеу жүргізеді: кітап бұрышы, ойын аймағы, шығармашылық үстелі, құрылыс бұрышы. Тіл дамыту: тұрмыстық және қоршаған орта заттарының қолданылу	мен кешкі үй көрінісін бөлшектер арқылы модельдеу. **4 жастағы балалар:** «Балабақшаға қалай жетемін?» Кеңістіктік квест: «Бағытты тап» Балалар карта-схема бойынша қозғалады: алға, артқа, оңға, солға, жоғары, төмен. Тіл дамыту: «алдымда, артымда, оң жағымда, сол жағымда» сөздерін сөйлемде қолдану. Фонематикалық естуге	болғанда...», «Қазір мен...», «Өскенде мен...» сөйлемдерін құру. Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстыру. Қазақ тілі: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін қарапайым сөйлемде қолдану. Көркем әдебиет: баланың өсуі туралы әңгімені тыңдап, иллюстрация бойынша мазмұнын қайталау. Математика негіздері: «кеше бүгін ертең», «таңертең күндіз кеш түн» реттілігін бекіту.

		сөйлемдерді байланыстыру. Диалогке қатысу. Көркем әдебиет: балабақша туралы шағын әңгімені тыңдап, негізгі мазмұнын 2–3 сөйлеммен қайталау. Математика негіздері: әртүрлі түсті, пішінді, өлшемді бөлшектерден жиын құру. Екі қатардағы құрылыс бөлшектерін жұппен қойып, тең немесе тең емес екенін анықтау. Ұзын-қысқа, кең-тар пластиналарды салыстыру. Құрастыру: пластин аларды тігінен, кірпіштерді көлденең орналастырып, балабақша ғимаратын құрастыру.	маңызын түсіндіру: «Қайшы қағаз қию үшін керек», «Кітаптан әңгіме оқимыз». Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды жаттықтыру. Қазақ тілі: зат атауларын және қызметін сөзбен айту. «Қайшы қайда?», «Кітап сөреде тұр» сияқты сөйлемдер. Көркем әдебиет: кітапт ы күтіп ұстау туралы шағын әңгімені тыңдап, мазмұнын қайталау.	арналған «Қай дыбыстан басталады?» ойыны. Қазақ тілі: қ, ғ, ү дыбыстары бар сөздерді анық айту; бағытты қарапайым сөйлеммен белгілеу. Көркем әдебиет: саяха т туралы шағын мәтінді тыңдап, оқиға ретін айту. Математика негіздері: бері лген бағытта қозғалу, заттарды оң қолмен солдан оңға орналастыру. Екі маршруттың ұзындығын салыстыру.	

Балалармен жеке жұмыс		**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету Ясмин, Айлин	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті:** Өлең, тақпақтар жаттату Алишер, Адилет	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру Аяна, Дарын	**Жеке баламен жұмыс:** **Міндеті** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату Мейрам,Вихан
Серуенге дайындық		Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету	Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру	Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.
Серуен		«Аюлар үйіне қайтады» **Мақсаты:** Жүру және жеңіл жүгіру дағдыларын жетілдіру, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.	«Белгіге дейін жет» **Мақсаты:** Жүру және жеңіл жүгіру дағдыларын дамыту, кеңістікті	«Түсті дөңгелектерді жина» **Мақсаты:** Ептілікті, зейінді және түстерді ажырату дағдыларын	«Ізбен жүр» **Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау, қозғалыс дәлдігін және зейінді дамыту. **Шарты:** Жерге бормен немесе

		Шарты: Алаңға бірнеше шеңбер қойылып, олар «аюлардың үйі» ретінде белгіленеді. Балалар аю болып алаңда баяу жүріп, қолдарын еркін қимылдатады. Тәрбиеші «Күз салқындады, аюлар үйіне!» дегенде балалар жақын тұрған шеңберге барып тұрады. Ойын бірнеше рет қайталанады.	бағдарлауға жаттықтыру. **Шарты:** Алаңға екі сызық немесе жалаушалар қойылады. Тәрбиешінің «Жүр!» белгісі бойынша балалар бірінші сызықтан екінші сызыққа дейін жүреді, ал «Жүгір!» дегенде жеңіл жүгіріп өтеді. Балалар бір-бірін итермей, арақашықтық сақтап қозғалады.	дамыту. **Шарты:** Алаңға ірі, қауіпсіз қызыл, сары, жасыл түсті дөңгелектер немесе доптар қойылады. Тәрбиеші бір түсті атайды, балалар сол түстегі заттарды тауып, себетке салады. Соңында жиналған заттардың түстерін бірге қайталайды.	арнайы белгілермен аяқ іздері салынады. Балалар тәрбиешінің соңынан сол іздерді басып, бір бағытта жүреді. Жолдың соңына жеткенде белгіленген суретті немесе ойыншықты тауып көрсетеді.
Серуеннен оралу		Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-

		Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу	шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	**мәдениеті,еңбекке баулу**	біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**
Кешкі ас		Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**3 жастағы балалар: Қоршаған әлеммен таныстыру:** балаба қшаны балалар бірге болатын әлеуметтік орта ретінде қабылдау, өзін топ мүшесі ретінде сезіну. **Сурет салу:** асфальтқа бормен балабақша ауласының өз	**3 жастағы балалар: Қоршаған әлеммен таныстыру:** зат тардың қызметін анықтау және оларды дұрыс пайдалану. **Сурет салу:** құмға таяқшамен зерттелген	**3 жастағы балалар: Қоршаған әлеммен таныстыру:** к үн тәртібін, киіну, жуыну, тазалық әрекеттерін түсіну. **Сурет салу:** «Таңғы күнтүнгі аспан» екі	**3 жастағы балалар: Қоршаған әлеммен таныстыру:** ойынд а туындаған мәселені шешудің қарапайым тәсілдерін дамыту. **Сурет салу:** екі баланың бір қағазда ортақ сурет жасауы. **Мүсіндеу:** досына

		ойындағы жоспарын салу. **Мүсіндеу:** ермексаздан аулаға ағаш, доп немесе гүл жасау. **Жапсыру:** дайын геометриялық пішіндерден балабақша ғимаратын құрастыру **4 жастағы балалар:** **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өзінің аты, тегі, жасы туралы айту; өзін балабақша қауымының мүшесі ретінде сезіну, өз ойын ашық білдіру. **Сурет салу:** «Менің балабақшам» ғимараттың пішіндерін дұрыс орналастырып салу. **Мүсіндеу:** балабақша ауласының шағын көлемді композициясын	заттың қарапайым бейнесін салу. **Мүсіндеу:** созу және ширату арқылы ұзын-қысқа бөлшектер жасау. **Жапсыру:** қажетті түсті таңдап «Біздің топ» композициясын жасау. **4 жастағы балалар:** **Математика негіздері:** дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш және цилиндрді сипап сезу арқылы тану. Заттардың өзіне қатысты орналасуын айту: «Менің алдымда үстел, сол жағымда орындық». **Құрастыру:** қағ	бейнелі жұмыс. **Мүсіндеу:** күнді дөңгелектеу, сәулесін ширату арқылы жасау. **Жапсыру:** тәулік бөліктерінің бейнелерін ретімен орналастыру. **4 жастағы балалар:** **Құрастыру:** лего арқылы балабақшаға апаратын жол, көпір, қақпа жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өз мекенжайын толық айтуды талап етпей, үй мен балабақша арасындағы	арналған шағын сыйлық. **Жапсыру:** «Достық ағашы» ортақ жұмысы. **4 жастағы балалар:** **Қоршаған әлеммен таныстыру:** «Мен кішкентай болдым, өсіп келемін, ересек боламын» түсінігін қалыптастыру; мектеп туралы алғашқы жағымды түсінік беру. **Құрастыру:** «Менің болашақ мектебім» қарапайым құрылымы. **Сурет салу:** «Мен өскенде...» тақырыбында еркін сурет. **Мүсіндеу:** адамның қарапайым көлемді бейнесі. **Жапсыру:** үш

		жасау. **Жапсыру:** қысқа және ұзын жолақтарды түзу сызық бойымен қиып, балабақша ғимаратының бейнесін құрастыру.	азды ортасынан бүктеп, шиыршықтап, топқа арналған көлемді бұйым жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** то птағы ортақ заттарды құрметтеу, өз жауапкершілігі н түсіну. **Сурет салу:** топ ішіндегі бір бұрышты кеңістікте дұрыс орналастырып бейнелеу. **Мүсіндеу:** топт ағы бір тұрмыстық заттың көлемді үлгісін жасау. **Жапсыру:** қай шыны дұрыс ұстап, қысқа жолақтар қию арқылы «Біздің топ» коллажы.	күнделікті жол туралы түсінік қалыптастыру. **Сурет салу:** қарапай ым маршрут сызбасы. **Мүсіндеу:** жо л бойындағы белгілер мен ағаштарды жасау. **Жапсыру:** түр лі бағытты көрсететін жолақтарды қиып, картаға орналастыру	кезеңді ретімен орналастыратын композиция.

Балалардың үйге қайтуы		Балабақшада жасаған әрекеттері туралы сұрап, кішкентай жетістіктерін де атап өтіңіз. «Бүгін өзің көп нәрсе жасапсың», «Сенің қолыңнан келеді» деген жылы сөздер арқылы баланың талпынысын қолдаңыз.	«Бүгін балабақшада не істедің?», «Қандай ойын ойнадың?», «Кіммен ойнадың?» деген қысқа әрі түсінікті сұрақтар қойыңыз. Жауабын асықтырмай тыңдап, толық сөйлеммен жауап беруге ынталандырың ыз.	Баламен бірге жасына сай қарапайым үстел үсті ойынын ойнаңыз. Түстерді ажырату, бірдей суреттерді табу, үлкен-кіші заттарды салыстыру сияқты тапсырмалар арқылы зейіні мен ойлау қабілетін дамытыңыз.	Бірге сурет салыңыз. «Бүгін не көрдің?», «Қандай түсті қолданғың келеді?» деп сұрап, баланың өз ойын сурет және сөз арқылы жеткізуіне жағдай жасаңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы
2 апта

Апта дәйексөзі «Отбасы -бақыт мекені»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 07.09.2026**	**Сейсенбі 08.09.2026**	**Сәрсенбі 09.09.2026**	**Бейсенбі 10.09.2026**	**Жұма 11.09.2026**
Балаларды қабылдау Күй күмбірі»: «Айжан қыз» күйін тыңдаубалалардың күйді эмоционалды қабылдауын, ұлттық музыкаға қызығушылығын қалыптастыру.	**«Қазақша жылы амандасу»**балалар «Қайырлы таң!», «Армысың!», «Сәлеметсіз бе!» сөздерінің бірін таңдап амандасады.	**«Шаттық шеңбері»**балалар қол ұстасып, бір-біріне «Күнің сәтті өтсін!», «Сен жақсы доссың!» сияқты жылы сөздер айтады.	**«Оюыңды таңда»**бала қошқармүйіз, тұмарша, ирек сияқты қарапайым ою бейнелерінің бірін таңдап, сол белгі тұрған жерден амандасады.	**«Домбыра үнімен қарсы алу»**балалар баяу домбыра күйін тыңдап кіріп, тәрбиешімен жылы амандасады.	**«Жақсы сөзжарым ырыс»**әр балаға «ақылдым», «мейірімдім», «көмекшім», «көңілдім» сияқты жақсы сөз айтылады.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балабақшаға барар жолды да дамыту уақыты ретінде пайдаланыңыз. Жолдағы ағаштарды, көліктерді немесе баспалдақтарды 1-ден 3-ке дейін бірге санап көріңіз. Қысқа тақпақ немесе таныс әнді қайталау да сөйлеу	Баланың балабақшаға қажетті заттарын бірге тексеріңіз. Өз сөмкесін, киімін және жеке заттарын тануына мүмкіндік беріңіз. «Бұл кімнің сөмкесі?», «Бас киімің қайда?» деген сұрақтар	Таңертең көңілді әуен қосып, баланы жақсы көңіл күймен балабақшаға дайындаңыз. Әнге қосылып қарапайым қимылдар жасауға	Балаға достарымен жақсы қарым-қатынас жасай алатынына сенім білдіріңіз. «Достарыңмен тату ойна», «Ойыншықпен бөлісуге	Балаға сол күнге жасына сай бір шағын мақсат ұсыныңыз. Мысалы: «Бүгін ойыннан кейін ойыншықтарыңды жинауға көмектес». Тапсырманы бұйрық ретінде емес, баланың

	белсенділігін арттырады.	арқылы өз заттарына жауапкершілікпен қарауға үйретіңіз.	мүмкіндік беріңіз. Жағымды таңғы ахуал баланың күні бойғы эмоционалдық көңіл күйіне жақсы әсер етеді.	тырыс» деп қысқа әрі түсінікті бағыт беріңіз. Амандасу мен қоштасудың қарапайым үлгісін бірге қайталауға болады.	қолынан келетін жағымды міндет ретінде ұсыныңыз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) **«Өнегелі 15 минут»**	**«Досымды ренжітпеймін»** Тәрбиеші қуыршақтар арқылы бірін-бірі итеру мен бірге ойнауды көрсетеді. Балалар дұрыс әрекетті таңдайды. **Буллингтің алдын алу**	**«Кішкентай көмекші»** Балалар ойыншықтарды орнына жинап, кітаптарды реттейді. Тәрбиеші еңбектің пайдалы екенін түсіндіреді. **Еңбекке баулу**	**«Бағдаршам»** Қызыл түсте балалар тоқтайды, жасыл түсте жүреді, сары түсте күтіп тұрады. **Заң мен тәртіп**	**«Өрттен сақтан»** Тәрбиеші сіріңке, шам, пештің суретін көрсетіп, олармен ойнауға болмайтынын түсіндіреді. Балалар «болмайды» белгісін көрсетеді. **Қауіпсіздік мәдениеті**	**«Мұнара құрастырамыз»** Балалар текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, биік және аласа мұнара жасайды. Қай мұнара биік екенін салыстырады. **STEM**
Ертеңгілік жаттығу	«Аю жүрісі»аяқтарды сәл алшақ қойып, баяу жүру. «Қоян секіреді»екі аяқпен орнында және	«Күн шықты»қолды жоғары көтеріп, денені созу. «Жаңбыр тамшылары»саусақт	Басты оңға және солға баяу бұру. Қолды алға және артқа	Қолды иыққа қойып, баяу айналдыру. Тізені сәл бүгіп, жеңіл	Алақан соғып, көңілді қадаммен жүру. «Құмырсқа жүреді»ұсақ

	сәл алға секіру. «Тырна»бір аяқты сәл көтеріп, тепе-теңдікті сақтауға талпыну. «Желкен»қолды екі жаққа жайып, алға сәл еңкею. **Салауатты өмір салты**	арды жеңіл қимылдату. «Көбелек ұшты»қолды қанат сияқты сермеп жүру. «Шалқанды тартамыз»қолды алға созып, өзіне қарай тарту. **Салауатты өмір салты**	жеңіл сермеу. «Жылан»денені оңға-солға баяу бұрып, ирелеңдеген қимыл жасау. «Жолбарыс»қолмен тізеге сүйеніп, қысқа қашықтыққа еңбектеу. **Салауатты өмір салты**	отырып-тұру. «Жел соқты»қолды екі жаққа жайып, денені оңға-солға тербету. Орнында екі аяқпен жеңіл секіру. **Салауатты өмір салты**	қадамдармен баяу жүру. «Балық жүзеді»қолды жүзгендей алға-артқа қозғау. Орнында жеңіл секіру. **Салауатты өмір салты**
Таңғы ас	Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты**	Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әріҰІӘ)	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік**	Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталық тардағы заттарды орнына	Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет	Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құра	Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз

		жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.**	жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге бау лу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат»«Заң мен тәртіп».**	лдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға д ағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.**	пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Жұппен қолды алға созу, жан-жаққа көтеру, қолды белге қойып оңға-солға бұрылу, аяқтың ұшына көтерілу, жеңіл отырып-тұру. Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден жүруді жұппен жүруге алмастыру; жұппен тура бағытта 3–4 м жүру; белгі бойынша тоқтау. Кейін жұптар бір-біріне доп домалатады.	**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға-жоғары көтеру, иықты айналдыру, денені жан-жаққа бұру, аяқты кезек алға қою, аяқ ұшына көтерілу. Негізгі қимылдар: Бірқалыпты тура жүру; аяқтың ұшымен қысқа жүру; визуалды белгі бойынша тоқтау; қайта жүру. Допты белгіленген	**3 жастағы балалар:** Қазақ тілі Сөздік жұмыс: Доп, қуыршақ, машина, кітап, қалаймын, берші. Сөйлеу жаттығуы: «Мен қалаймын» үлгісі: педагог «Мен допты қалаймын» деп көрсетеді. Балалар өздері таңдаған затты «Маған доп	**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Шеңберде тұрып қолды жоғары көтеру, екі жаққа ашу, денені ішке-сыртқа бұру, аяқ ұшына көтерілу, жеңіл отырып-тұру. Негізгі қимылдар: Шеңбер	**3 жастағы балалар:** Музыка Музыка тыңдау: «Мерекелік марш» И. Леви. Музыканы соңына дейін тыңдап, нық, көтеріңкі сипатын сезінуге жетелеу. Музыкалық жанрмен таныстыру: Марш жанрымен таныстыру: марштың нық қадам жасауға ыңғайлы музыка екенін түсіндіру.

	Ырғақтық жаттығу: «Бірге бас, бірге тоқта» әуенімен жұп болып қадамдау, шапалақтау. **4 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды сермеу, иықты айналдыру, орнында адымдау, тізені жоғары көтеру, аяқ ұшына көтерілу. Негізгі қимылдар: 10–12 м аралықта жүруді жеңіл жүгірумен алмастыру; белгі бойынша қарқынды баяулату және қайта үдету. Ырғақтық жаттығу: Музыка баяуласа жүру, жылдамдаса жеңіл жүгіру. Қимылды ойын: «Әуенді тыңда» музыка қарқынына сәйкес жүріс не жүгіру түрін өзгерту.	қақпаға төменнен домалату. Ырғақтық жаттығу: «Жасылжүр, қызылтұр» ырғағымен жүру мен тоқтауды қайталау. **4 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жан-жаққа созып тепе-теңдік сақтау, бір аяқты сәл алға шығару, денені оңға-солға бұру, аяқ ұшына көтерілу. Негізгі қимылдар: Сызықтардың арасымен 4–5 м жүру; соңында бұрылып кері қайту. Кейін адым ұзындығын сақтап жүру. Ырғақтық жаттығу: «Түзу жүр, асықпа, сызықтан сен шықпа» ырғағы.	берші», «Мен қуыршақты қалаймын» деген қарапайым тіркестермен сұрайды. Сұрақ-жауап: «Не қалайсың?» сұрақ-жауап ойыны. Педагог немесе бала сұрақ қояды, екінші бала қысқа жауап береді. Дидактикалық ойын: «Өтінемінрақмет» ойыны: бала затты «Беріңізші/берші» деп сұрап, алған соң «Рақмет!» дейді. **4 жастағы балалар:** Қазақ тілі Сөздік жұмыс: Күз, жапырақ,	бойымен бірқалыпты жүру; белгіде тоқтау; шеңберден шықпай бағытты сақтау. Кейін екі-екіден допты бір-біріне домалату. Ырғақтық жаттығу: Домбыра әуенінің жеңіл ырғағына шеңбер бойымен қадамдап, шапалақтау. Қимылды ойын: «Шеңберге кір» белгі бойынша балалар сыртқы жолдан ішкі шеңберге жай жүріп кіреді.	Балалар педагогпен бірге «бір-екі» ырғағын сезінеді. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жалаушамен би» Е. Брусиловский. Музыканың басталуымен жалаушаны көтеріп жүру, аяқталуымен жалаушаны төмен түсіріп тоқтау. **4 жастағы балалар:** Музыка Музыка тыңдау: «Тамшылар» М. Жәутіков. Әуенді аяғына дейін тыңдап, нәзік/жеңіл сипатын сезіну, алған әсерін 1–2 сөзбен айту. Ән айту: «Жаңбыр» Ә. Телғозиев. Әнді педагогпен бірге орындау, ақырын және қатты дыбысталатын

		Қимылды ойын: «Көпірден өт» сызық арасымен тепе-теңдікті сақтап жүру.	жаңбыр, салқын, бұлт, жел, сарғайды, түсті. Сөйлеу жаттығуы: «Мен көріп тұрмын...» сөйлем үлгісі арқылы балалар суреттегі құбылысты сипаттайды. Педагог баяу және көтеріңкі интонацияны салыстырып көрсетеді. Ұжымдық әңгіме: «Кезекпен айт» — әр бала күз туралы бір белгі айтады, келесі бала алдыңғы айтылғанды қайталамай жаңа белгі қосады. Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?» — екі	**4 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды шеңбер бойымен айналдыру, тізені бүгу-жазу, орнында жеңіл жүгіру, тыныс алу жаттығуы. Негізгі қимылдар: Аяқтың ұшымен қысқа аралық жүгіру; шеңбер бойымен бір бағытта бірқалыпты жүгіру; белгі бойынша жүруге ауысу. Ырғақтық жаттығу: «Жүгір-жүгір, шеңбермен, белгі болса жүр енді»	жерлерге назар аудару. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді ленталар» Г. Абдрахманова. Баяу әуенде лентаны жай тербету, жылдам әуенде жеңіл сермеу. Музыкалық ойын: «Тамшы қалай тамады?» баяу музыкада саусақпен жай, жылдам музыкада жиі «тамшы» қимылын жасау.

			суретті салыстырып, балалар айырмашылығын сөзбен түсіндіреді.	ырғағы. **Музыка** Музыка тыңдау: «Полька» М. Глинка. Шығарманың жеңіл, жылдам, би сипатын тыңдау, марштан айырмашылығын қарапайым сөздермен айту. Ән айту: «Кел балалар, күлейік» Е. Өміров. Көңілді сипатта педагогпен бірге анық, жеңіл орындау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді полька» И. Штраус.	

				Жұпсыз еркін қимыл: қол шапалақтау, жанға қадам жасау, айналу. Музыкалық ойын: «Баяу ма, жылдам ба?» екі түрлі қарқындағы үзіндіні тыңдап, сәйкес қимыл көрсету	
Серуенге дайындық	Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты**	Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті**
Серуен	Гүлдерді бақылау **Бақылау, зерттеу:** Гүлзардағы гүлдерді қарастыру. Гүлдердің түсін, көлемін атап, бір-бірінен	Құстарды бақылау **Бақылау, зерттеу:** Ауладағы құстарды бақылау. Олардың қалай жүретінін, секіретінін,	Көліктерді бақылау **Бақылау, зерттеу:** Қауіпсіз жерден өтіп бара жатқан көліктерді	Желді бақылау **Бақылау, зерттеу:** Желдің ағаш жапырақтарын, шөпті қалай қозғайтынын	Ағаш бұтақтарын бақылау **Бақылау, зерттеу:** Ағаштың бұтақтары мен жапырақтарын қарастыру. Қай

	айырмашылығын байқау. Гүлдерді жұлмай, иісін сезіп көруге мүмкіндік беру. **Қимылды ойын:** «Түлкі мен қаздар» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар «қаздар» болып алаңда жүреді. «Түлкі келді!» деген белгі бойынша белгіленген қауіпсіз жерге қарай қозғалады. **Балалардың дербес әрекеті:** Қуыршақтарды арбаға салып серуендету. Қуыршақты отырғызу, үстін жабу, серуенге апару сияқты қарапайым сюжеттік әрекеттер орындау. **Еңбекке баулу:** Гүлзар айналасындағы түскен жапырақтарды жинап, өсімдіктерді таптамауға дағдыландыру.	ұшатынын қарастыру және дауыстарын тыңдау. «Құс қайда отыр?», «Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою. **Қимылды ойын:** «Торғайлар мен автомобиль». Балалар торғайлар болып алаңда қозғалады. Белгі бойынша қауіпсіз орындарына барып тұрады. **Балалардың дербес әрекеті:** Допты аяқпен алға қарай домалату, тоқтатуға және белгіленген бағытқа қарай тебуге талпыну. **Еңбекке баулу:** Тәрбиешінің көмегімен құстарға арналған қауіпсіз жерге аз мөлшерде жем салу.	бақылау. Үлкен және кішкентай көліктерді, олардың түстерін ажырату. Бір және бірнеше көлікті салыстыру. **Қимылды ойын:** «Жалау шаны тап». Тәрбиеші атаған түстегі жалаушаны тауып, соған қарай жүру немесе жеңіл жүгіру. **Балалардың дербес әрекеті:** Түрлі түсті жалаушалармен шеңбер бойымен жүру. Жалаушаны жоғары көтеру, төмен түсіру, оңға-солға қозғау. **Еңбекке**	бақылау. Балаларға желдің бетке тигенін сезінуге мүмкіндік беру. Желдің қатты немесе баяу соғып тұрғанын қарапайым сөздермен айту. **Қимылды ойын:** «Жел мен ағаштар». «Жел соқты!» дегенде балалар қолдарын жоғары көтеріп тербеледі. «Жел тоқтады!» дегенде қимылсыз тұрады. **Балалардың дербес әрекеті:** Түрлі түсті бормен	бұтақта жапырақ көп, қайсысында аз екенін салыстыру. Жерге түскен жапырақтарға назар аудару. **Қимылды ойын:** «Алғаартқа, тоқта». Тәрбиешінің белгісі бойынша алға жүру, бір-екі қадам артқа жүру және тоқтау әрекеттерін орындау. **Балалардың дербес әрекеті:** Әткеншекте ересектің бақылауымен тербелу. Өз кезегін күтіп, бір-біріне кедергі жасамауға дағдылану. **Еңбекке баулу:** Әткеншек маңындағы ойыншықтарды жинап, алаңды реттеуге көмектесу.

			баулу: Серуен соңында жалаушалар мен қолданылған ойыншықтарды бірге жинап, орнына қою.	асфальтқа сызықтар, дөңгелектер, күн, жаңбыр тамшылары сияқты қарапайым бейнелер салу. **Еңбекке баулу:** Ойын аяқталған соң борларды жинап, қорабына салу.	
Серуеннен оралу	Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету	Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету	Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету	Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу	Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру.
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу **Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету**	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету**	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға**	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. **Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету**	Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру **Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету**

			үйрету		
Күндізгі ұйқы	Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу. Бесік жырын тыңдату. **Салауатты өмір салты**	Өз төсегін тауып жатуға үйрету. Баяу әуен тыңдату. **Салауатты өмір салты**	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **Салауатты өмір салты**	Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **Салауатты өмір салты**	Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру **Салауатты өмір салты**
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты**	Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты**
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Салауатты өмір салты**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты**

	Салауатты өмір салты		**өмір салты**		
Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы
5 апта

Апта дәйексөзі
«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 28.09.2026**	**Сейсенбі 29.09.2026**	**Сәрсенбі 30.09.2026**	**Бейсенбі 01.10.2026**	**Жұма 02.10.2026**
Балаларды қабылдау «Күй күмбірі»«Келіншек» күйін тыңдау. Балалардың ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру, әуенді эмоционалды қабылдауын қалыптастыру.	**«Мақалды жалғастыр»**тәрбиеші ортаңғы топқа жеңіл мақалдың басын айтады: «Отан...», «Досы көпті ...», балалар тәрбиеші көмегімен аяқтайды.	**«Қимылмен амандасу»**бала бүркіт болып қанат қағу, тұлпар болып шабу, қошақан болып секіру сияқты қимылдың бірін таңдап амандасады.	**«Туған жерім»**Қазақстанның табиғаты, дала, тау, киіз үй бейнелерінің бірін таңдап, «Мен Қазақстанды жақсы көремін» деп айтады.	**«Мейірімділік қоржыны»**бала қоржыннан бір белгі алып, сол күнге арналған жақсы әрекетті таңдайды: досына көмектесу, ойыншық бөлісу, жылы сөз айту.	**«Шаңырақ астындағы тілек»**балалар шаңырақ бейнесінің астына жиналып, бір-біріне қысқа жақсы тілектер айтады.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға балабақшаға келгенде тәрбиешімен және достарымен амандасуды еске түсіріңіз. «Қайырлы таң!», «Сәлем!» деген сөздерді бірге қайталаңыз. Үлкендермен және	Баланың өзіне деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға көмектесіңіз. Айна алдында бірге «Мен мейірімдімін», «Мен көмектесе аламын», «Менің	Балаға күнделікті қауіпсіздік ережелерін қысқа түрде еске түсіріңіз. Жолдан тек ересек адаммен өту, баспалдақта	Балаңызды күлімдеп, сабырлы көңіл күймен шығарып салыңыз. «Мен сені кешке күтемін»,	Балаға жылы құшақ сыйлап, оның көңіл күйіне назар аударыңыз. «Бүгінгі күнің жақсы өтсін!», «Сені жақсы көремін» деген жылы сөздермен

	құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға өзіңіз үлгі болыңыз.	қолымнан келеді» деген қарапайым жағымды сөздерді қайталаңыз. Оны мәжбүрлемей, көңілді ойын ретінде ұйымдастырыңыз.	абай болу, өткір және ыстық заттарды ұстамау керектігін түсіндіріңіз. Қорқытпай, қарапайым әрі түсінікті сөздерді қолданыңыз.	«Күнің жақсы өтсін» деп қысқа әрі жылы қоштасыңыз. Баланың балабақшаға бейімделуі үшін таңертеңгі қоштасудың тұрақты және жағымды болғаны маңызды.	балабақшаға шығарып салыңыз. Жағымды эмоционалдық қолдау баланың өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) «Өнегелі 15 минут»	**«Үлкенкішкентай»** Балалар үлкен және кішкентай заттарды салыстырып, оларды тиісті топқа бөледі. **STEM / Сенсорика**	**«Досыма көмектесемін»** Балалар бір-біріне ойыншық жинауға, зат әкелуге көмектеседі. **Буллингтің алдын алу**	**«Құрылысшы»** Балалар текшелерден үй, көпір немесе жол құрастырады. Тәрбиеші құрылысшы мамандығы туралы түсіндіреді. **Еңбек және кәсіпке баулу**	**«Жолдан дұрыс өтеміз»** Балалар жаяу жүргінші жолымен жүріп, бағдаршам белгісіне қарай тоқтап немесе қозғалады. **Заң мен тәртіп**	**«Жылы ма, салқын ба?»** Балалар жылы және салқын суды қолымен сезіп, айырмашылығын байқайды. Тәрбиеші «жылы», «салқын» сөздерін қайталатады. **STEM / Эксперименттік іс-әрекет**
Ертеңгілік жаттығу	Аяқтың ұшымен баяу жүру. Қолды жоғары көтеріп,	Қалыпты қарқынмен бірінің артынан бірі жүру.	Алаңда немесе бөлмеде жеңіл жүгіру.	Тізені кезекпен көтеріп жүру.	Бірінің артынан бірі баяу жүру. Қолды жоғары

	денені созу. «Қой секіреді»екі аяқпен орнында жеңіл секіру. Қолды екі жаққа жайып, баяу тыныс алу. **Салауатты өмір салты**	Қолды белге қойып, денені оңға және солға баяу бұру. «Балапан секіреді»екі аяқпен жеңіл секіру. Қолды жоғары көтеріп, жайлап төмен түсіру. **Салауатты өмір салты**	Қолды алға және артқа баяу айналдыру. «Қоян секіреді»екі аяқпен орнында және сәл алға секіру. Қолды жоғары көтеріп, денені созу. **Салауатты өмір салты**	Иықты жоғары-төмен қозғап, баяу айналдыру. «Бақа секіреді»тізені сәл бүгіп, екі аяқпен жеңіл секіру. Қолды екі жаққа жайып, тыныс алу. **Салауатты өмір салты**	және төмен баяу қозғау. «Аю жүрісі»аяқтарды сәл алшақ қойып, баяу жүру. Қолды жоғары көтеріп, денені созып, жайлап тыныс алу. **Салауатты өмір салты**
Таңғы ас	Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты**	Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әріҰІӘ)	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің**	Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталық	Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен	Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу	Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру,

	алдын алу, жауапкершілік	тардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.**	қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге бау лу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат»«Заң мен тәртіп».**	бұрыштарына бағыттау, құра лдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға д ағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.**	ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары және жан-жаққа созу, иықты айналдыру, денені оңға-солға бұру, аяқ ұшына көтерілу, тізені көтеру. Негізгі қимылдар: Тура жүру, шеңбер бойымен жүру, шашырап жүруді кезекпен орындау; белгі бойынша тоқтау; қайта сапқа бір-бірден тұру. Допты қақпаға	**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды сермеу, шапалақтау, аяқтың ұшына көтерілу, тізені кезек көтеру, денені жан-жаққа бұру, жеңіл отырып-тұру. Негізгі қимылдар: Бірқалыпты жүруді баяу жүгірумен алмастыру; белгі бойынша тоқтау; 5–6 м бағытта жеңіл	**3 жастағы балалар:** Қазақ тілі Сөздік жұмыс: Иә, жоқ, жақсы, ойнаймын, тыңдаймын, қалаймын. Сөйлеу жаттығуы: «Тыңда да орында» жаттығуы: «Допты ал», «Қуыршақты үстелге қой», «Маған кел»	**3 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары көтеру, жан-жаққа созу, шапалақтау, денені бұру, аяқ ұшына көтерілу, тізені көтеру және жеңіл отырып-тұрудан тұратын таныс	**3 жастағы балалар:** Музыка Музыка тыңдау: «Достық» И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев; қысқа қайталау ретінде «Мерекелік марш» И. Леви және «Полька» Б. Сметана үзінділері. Әр шығарманың сипатын тыңдап, соңына дейін қабылдауға үйрету. Музыкалық

	домалату. Ырғақтық жаттығу: Әр бағыт ауысқанда музыка ырғағына сай шапалақтау немесе қол сермеу. Қимылды ойын: «Бағытыңды тап» педагог көрсеткен белгіге сәйкес тура, шеңбер немесе шашырап жүру. **4 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға-жанға сермеу, тізені жоғары көтеру, аяқ ұшына көтерілу, орнында жүгіру. Негізгі қимылдар: Баяу жүру жылдам адым жеңіл жүгіру қайта жүру ретімен қозғалу; белгіде тоқтау. Ырғақтық жаттығу: Баяу соққыда жүру, жиі соққыда жеңіл жүгіру. Қимылды ойын: «Ырғақты қуып жет» дыбыс қарқынына сай	жүгіру. Жұппен доп домалату және қақпаға бағыттау. Ырғақтық жаттығу: «Жүгіртоқтақол соқ» ырғағымен үш қимылды алмастыру. **4 жастағы балалар:** Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Допты жоғары көтеру, жанға беру, тізе маңына түсіру, денені бұру, отырып-тұру. Негізгі қимылдар: 1-бекет: жұбына домалату; 2-бекет: төменнен лақтыру; 3-бекет: екі қолмен қағып алуға әрекет ету. Әр бекетте 2–3 қайталау. Ырғақтық жаттығу: «Домалат лақтыр қағып ал» ырғағымен әрекеттерді ретімен	сияқты бір қадамды нұсқауларды тыңдап орындау. Сұрақ-жауап: «Сұраққа жауап бер» ойыны: «Бұл не?», «Кім?», «Не қалайсың?», «Қайда?» деген қарапайым сұрақтарға қысқа жауап беру. Дидактикалық ойын: «Дұрыс па?»педагог қарапайым тұжырым айтады **4 жастағы балалар:** Қазақ тілі Сөздік жұмыс: Көмектесейік, бөлісейік, кезекпен, бірге, келісемін, менің ойымша.	кешен. Негізгі қимылдар: 1-бекет: сапта бір-бірден жүру; 2-бекет: аяқ ұшымен және тізені жоғары көтеріп жүру; 3-бекет: шеңбер бойымен жүру; 4-бекет: жеңіл жүгіру және белгіде тоқтау; 5-бекет: допты жұбына және қақпаға домалату. Ырғақтық жаттығу: Балаларға таныс әуенмен «жүртоқташап алақтабұрыл» қимылдарын еркін қайталау. **4 жастағы балалар:**	жанрмен таныстыру: Ән, би, марш жанрларын қайталау: әнді тыңдаймыз, би әуеніне қимылдаймыз, маршта нық қадамдаймыз деген қарапайым түсінікті бекіту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру» А. Тоқсанбаев. Музыканың басталуына сәйкес қимылды бастау, аяқталғанда тоқтау; жүру, қол шапалақтау және жеңіл бұрылу. **4 жастағы балалар:** Музыка Кіріспе бөлім: Балаларды өткен сабақтардағы сүйікті музыкаларын еске

	қозғалысты өзгерту.	орындау. Қимылды ойын: «Доп шеберлері» үш шағын тапсырманы кезекпен орындау	Сөйлеу жаттығуы: Балалар өз ұсынысын «Менің ойымша...», «Мен ... ұсынар едім» үлгілері арқылы айтады. Педагог жылы, сабырлы сөйлеу мәнерін қолдайды. Ұжымдық әңгіме: «Ортақ шешім» — топ бір жағдаятты талқылап, кезекпен пікір айтып, ортақ шешімге келеді. Дидактикалық ойын: «Қайсысы дұрыс?» — педагог екі әрекетті сипаттайды, балалар қай әрекет дұрыс екенін түсіндіріп	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Ай бойы таныс жаттығулар: қолды көтеру, жанға созу, денені бұру, аяқ ұшына көтерілу, тізені бүгу-жазу. 4 реттен. Негізгі қимылдар: 1) өкшемен және адымдап жүру; 2) жүру-жүгіруді алмастыру; 3) сызық арасымен және тақтай бойымен тепе-теңдік сақтау; 4) шеңбер бойымен жүгіру; 5) допты домалату, төменнен	түсіруге шақыру, қысқа пікірлерін тыңдау. Музыка тыңдау: «Біз шадыман баламыз» Ә. Бейсеуов, С. Қалиев. Шығарманы толық тыңдап, көңілді сипатын анықтау және не ұнағанын әңгімелеу. Ән айту: «Балдырғандар әні» Б. Дәлденбай. Ай бойы қалыптасқан тыңдау және бірге орындау дағдыларын бекіту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел билейік» Б. Байқадамов, М. Әлімбаев және «Жалаушамен би» Е. Брусиловский элементтері. Баяу-жылдам, басталу-аяқталу белгілеріне

			айтады.	лақтыру және қағып алу. Ырғақтық жаттығу: «Жүр жүгір тоқта доппен ойна» қимыл тізбегі. Қимылды ойын: «Көңілді бекеттер» балалар 4–5 қысқа бекеттен кезекпен өтеді Музыка Музыка тыңдау: «Достық» И. Нүсіпбаев, Е. Елубай және «Мерекелік марш» Б. Дәлденбаев шығармалары нан қысқа үзінділер. Таныс шығарманы атауға, сипатын	сәйкес қимыл жасау. Музыкалық ойын: «Музыка не дейді?» көңілді, баяу, қатты, ақырын үзінділерді тыңдап, тиісті карточканы/қимылды таңдау

				айтуға ынталандыру. Ән айту: «Достық» тақырыбындағы таныс әнді педагогпен бірге қайталау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел билейік» Б. Байқадамов, М. Әлімбаев. Музыка басталғанда қимылдап, тоқтағанда қимылды аяқтау.	
Серуенге дайындық	Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты**	Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті**

Серуен	Ағаш қабығын бақылау **Бақылау, зерттеу:** Ағаш діңінің түсін, қабығының сыртқы көрінісін бақылау. Қабығын қолмен абайлап сипап, бұдырлығын сезіну. Егер ағашта қына байқалса, оны сырттай көрсетіп, ағаштың бетінде өсетінін қарапайым түрде айту. **Қимылды ойын:** «Қуып жет». Тәрбиеші немесе жүргізуші бала алда баяу қозғалады, қалған балалар оны қуып жетуге талпынады. Ойын қауіпсіз қысқа арақашықтықта жүргізіледі. **Балалардың дербес әрекеті:** Ірі конструктор бөлшектерімен үй, мұнара, жол немесе көпір құрастыру. Құрылысты басқа балалармен бірге ойында пайдалану.	Күзгі ауа райын бақылау **Бақылау, зерттеу:** Күзгі ауа райын бақылау. Ауаның жылы немесе салқын екенін сезіну, аспандағы бұлттарға және желге назар аудару. «Бүгін күн қандай?», «Жел бар ма?» деген қысқа сұрақтар қою. **Қимылды ойын:** «Құстар ұясына қонды». Балалар құс болып қолдарын екі жаққа жайып қозғалады. «Ұяға!» деген белгі бойынша белгіленген орындарына барып тұрады. **Балалардың дербес әрекеті:** Құмшелек, күрекше және қалыптармен еркін ойнау. Құмнан	Жапырағы азайған ағаштарды бақылау **Бақылау, зерттеу:** Ағаштардың бұтақтарын қарастыру. Кейбір бұтақтарда жапырақтың азайғанын көрсету. Ағаштағы жапырақтар мен жерде жатқан жапырақтарды салыстыру. **Қимылды ойын:** «Қарлығаш ұшты». Балалар қолдарын екі жаққа жайып, құс сияқты алаңда қозғалады. Белгі бойынша «ұяларына» барып тұрады. **Балалардың**	Аспанды бақылау **Бақылау, зерттеу:** Аспанның түсін, бұлттардың бар-жоғын және олардың қозғалысын бақылау. «Аспан қандай түсті?», «Бұлт бар ма?» деген қарапайым сұрақтар арқылы балаларды сөйлету. **Қимылды ойын:** «Құстар ұшты». «Құстар ұшты!» деген белгі бойынша балалар қолдарын жайып, алаңда жеңіл жүгіреді. «Құстар қонды!» дегенде	Күзгі түрлі түсті жапырақтарды бақылау **Бақылау, зерттеу:** Жерге түскен күзгі жапырақтарды бақылау. Сары, жасыл, қызғылт, қоңыр түстерін салыстыру. Үлкен және кішкентай жапырақтарды тауып, пішіндерінің әртүрлі болатынын қарастыру. **Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар қоян болып жеңіл секіреді. «Қасқыр келді!» деген белгі бойынша белгіленген қауіпсіз орынға қарай қозғалады. **Балалардың дербес әрекеті:** Құмшелек,

	Еңбекке баулу: Ойыннан кейін конструктор бөлшектері мен алаңдағы ойыншықтарды жинап, белгіленген орынға орналастыру.	қарапайым пішіндер, мұнара немесе жол жасап, бір-біріне көрсету. **Еңбекке баулу:** Түскен жапырақтарды бірге жинап, бір жерге үйіп қою. Қолданылған құралдарды орнына жинау.	**дербес әрекеті:** Ірі текшелерден үй, мұнара, жол сияқты қарапайым құрылыстар салу. Өз құрылыстарын ойын барысында пайдалану. **Еңбекке баулу:** Құмсалғыштағы күрекше, шелек, қалып және басқа ойыншықтарды жинап, әрқайсысын өз орнына қою.	тоқтап, белгіленген жерге келеді. **Балалардың дербес әрекеті:** Жеңіл доптармен ойнау. Допты домалату, жоғары көтеру, екі қолмен алға лақтыру және доптың артынан жүгіру. **Еңбекке баулу:** Алаңдағы қолданылған ойын құралдарын жинау. Тәрбиеші балаларға белгісіз, лас немесе өткір заттарды ұстамау керектігін еске түсіреді.	күрекше және қалыптармен ойнау. Құмнан әртүрлі қарапайым пішіндер жасап, өз жасағанын достарына көрсету. **Еңбекке баулу:** Түскен жапырақтарды шағын балалар тырмасы, күрекше немесе шелек көмегімен жинау. Жапырақтарды белгіленген жерге апарып төгу.

Серуеннен оралу	Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету «Адал азамат»«Заң мен тәртіп»	Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету «Адал азамат»«Заң мен тәртіп»	Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету «Адал азамат»«Заң мен тәртіп»	Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу «Адал азамат»«Заң мен тәртіп» еңбекке баулу	Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. «Адал азамат»«Заң мен тәртіп» еңбекке баулу
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету
Күндізгі ұйқы	Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу. Бесік жырын тыңдату. **Салауатты өмір салты**	Өз төсегін тауып жатуға үйрету. Баяу әуен тыңдату. **Салауатты өмір салты**	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **Салауатты өмір салты**	Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **Салауатты өмір салты**	Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру **Салауатты өмір салты**

Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты**	Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты**
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**3 жастағы балалар:** «Тұқымның құпиясы» Эксперимент-зерттеу: «Тұқым қалай өседі?» Балаларға әртүрлі тұқымдар көрсетіледі. Олар тұқымдардың түсін, көлемін, пішінін салыстырады. Тәрбиеші: «Осы кішкентай тұқымнан не өседі?», «Өсу үшін оған не қажет?» деген	**3 жастағы балалар:** «Өсімдікке суды қалай жеткіземіз?» STEM-модельдеу: «Суару жүйесін жасаймыз» Балаларға проблемалық жағдай ұсынылады: «Өсімдік бақшаның арғы жағында тұр. Суды оған қалай	**3 жастағы балалар:** «Бағбанға қандай құрал қажет?» Зерттеу-кейс: «Дұрыс құралды таңда» Балаларға бірнеше еңбек жағдайы ұсынылады: «Гүлге су	**3 жастағы балалар:** «Бақшада не өзгерді?» Бақылау-зерттеу: «Тұқымнан өнімге дейін» Балаларға тұқым, өскін, жас өсімдік, гүлдеген өсімдік, өнім	**3 жастағы балалар:** «Бақша зерттеу орталығы» Жобалық жұмыс: «Өнім жәрмеңкесі» Балаларға аптаның қорытынды жобасы ұсынылады. Топ ішінде шағын «Бақша жәрмеңкесі»

	сұрақтар қояды. Балалар өз болжамдарын айтады. Кейін тұқымды мақтаға немесе топыраққа орналастыру әрекеті көрсетіледі. Бір үлгіге су құйылып, екіншісіне су құйылмайды. Балалар кейінгі күндері өзгерісті бақылау үшін екі үлгіні салыстырады. Тіл дамыту: Тұқым, топырақ, су, өсу, өскін, кішкентай, үлкен сөздерін қолдану. А, ә, о, ұ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру. «Тұқымды топыраққа саламыз», «Тұқымға су құямыз», «Өскін өседі» сияқты байланысты сөйлемдер құрау.. Көркем әдебиет: Тұқымның өсуі туралы шағын әңгімені тыңдау. «Кішкентай тұқым» бейнесін есте сақтау, оқиғаның мазмұнын қарапайым сұрақтар арқылы түсіну.	жеткіземіз?» Балалар өз ұсыныстарын айтады. Құрылыс бөлшектерінен ұзын және қысқа арна, жол немесе науа жасап көреді. Қай жолмен су тез және дұрыс жететінін салыстырады. Тіл дамыту: Су, арна, бақша, өсімдік, ұзын, қысқа, кең, тар, ағады сөздерін қолдану. С–з, т–д дыбыстарын анық айту. «Су ұзын арнамен ағады», «Бұл жол кең» сияқты сөйлемдер құрау. Қазақ тілі: «Су ағады», «Өсімдікке су керек», «Мен гүлді суарамын» сөйлеу үлгілерін қолдану. **4 жастағы балалар:**	керек», «Топырақты қопсыту қажет», «Піскен өнімді жинаймыз», «Жапырақтарды жинау керек». Балалар су құятын ыдыс, күрек, тырма, себет бейнелерінің ішінен қажетті құралды таңдап, не үшін қажет екенін түсіндіреді. Тіл дамыту: Күрек, тырма, себет, су құятын ыдыс, жинау, қопсыту, суару сөздерін сөздік қорға енгізу. К–қ, ж–ш дыбыстарын анық айту. «Күрекпен топырақты қопсытамыз», «Себетке өнім саламыз»	бейнеленген суреттер ұсынылады. Балалар суреттерді бақылап, өзгерістерді табады. «Алдымен не болды?», «Кейін не шықты?», «Өсімдік қалай өзгерді?» сұрақтарына жауап береді. Тіл дамыту: Өсу, шығу, үлкею, гүлдеу, пісу сөздерін қолдану. «Алдымен тұқым болды. Кейін өскін шықты. Өсімдік үлкейді» деп оқиғаларды ретімен байланыстырып айту.	ұйымдастырылады. Балалар бірнеше рөлге бөлінеді: бағбан, зерттеуші, сұрыптаушы, сатушы, сатып алушы. Бағбандар өнімдерді жинайды. Зерттеушілер олардың түсі, пішіні, көлемін сипаттайды. Сұрыптаушылар көкөністер мен жемістерді тиісті топқа бөледі. Сатушылар өнімдерді сөреге орналастырады. Сатып алушылар қарапайым диалог арқылы өзіне қажетті өнімді сұрайды. Тіл дамыту: А, ә, е, о, ұ дауысты және п–б, к–қ, т–д, ж–ш, с–з дауыссыз дыбыстарын таныс

	4 жастағы балалар: «Тұқымнан өнімге дейін» Бақылау-зерттеу: «Өсімдіктің өсу жолы» Балаларға тұқым, өскін, жас өсімдік, гүл және піскен өнім бейнеленген суреттер ұсынылады. Суреттерді дұрыс ретпен орналастырып, әр кезеңдегі өзгерісті сипаттайды. «Өнім бірден пайда бола ма?», «Өсімдікке не қажет?», «Бағбан не істейді?» сұрақтары арқылы себеп-салдарлық байланыс орнатылады. Тіл дамыту: тұқым, өскін, өсімдік, гүлдеу, пісу, өнім, еңбек сөздерін қолдану. «Алдымен тұқым егіледі, кейін өскін шығады» сияқты байланысты сөйлемдер құрау. Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.	«Қай суару жолы тиімді?» STEM-инженерлік зерттеу: «Суды өсімдікке жеткіземіз» Балаларға «Бақшаның алыс бөлігіндегі өсімдікке суды қалай жеткізуге болады?» деген мәселе ұсынылады. Олар әртүрлі ұзындықтағы және енді арналардың моделін жасайды. Қай жол қысқа, қайсысы кең, қай бағыт тиімді екенін талқылап, өз болжамдарын айтады. Тіл дамыту: суару, арна, ағын, ұзын, қысқа, кең, тар, бағыт сөздерін қолдану. «Менің ойымша, су кең арнамен жақсы өтеді» сияқты толық сөйлемдер	сияқты сөздерді грамматикалық жағынан байланыстыру. Қазақ тілі: «Маған күрек керек», «Мен су құямын», «Себетке сәбіз саламын» қарапайым сөйлемдері. Көркем әдебиет: Бағбан еңбегі туралы шағын әңгімені тыңдап, еңбекқор кейіпкердің әрекетін атау. **4 жастағы балалар:** «Өнімді қалай дұрыс жинаймыз?» Зерттеу-кейс: «Бағбанның шешімі» Балаларға қызанақ, қияр, сәбіз, асқабақ,	Қазақ тілі: «Тұқым кішкентай», «Өскін өсті», «Қызанақ пісті» сияқты қарапайым сөйлемдермен табиғаттағы өзгерісті сипаттау. Көркем әдебиет: Өсімдіктің өсуі туралы шағын әңгімені тыңдау. Оқиғаның негізгі ретін есте сақтау. **4 жастағы балалар:** «Күзгі бақша зертханасы» STEAM + табиғи материалдармен дизайн Балалар жапырақ, дән,	сөздер арқылы бекіту. Сөздік қорда: бағбан, бақша, өнім, сәбіз, қияр, қызанақ, алма, себет, жинау, суару, сату, алу. «Сәбіз ұзын», «Қызанақ қызыл және дөңгелек», «Мен себетке қияр салдым» сияқты байланысты сөйлемдер құрау. Көркем әдебиет: Апта ішінде тыңдаған бағбан, өсімдік, еңбек туралы шағын мәтіндерді еске түсіру. Еңбекке қатысты бейнелі сөздерді қайталау. **4 жастағы балалар:** «Күзгі өнім жәрмеңкесі» Жобалық-рөлдік жұмыс: «Өнім жолы бақшадан жәрмеңкеге дейін»

	Көркем әдебиет: өсімдіктің өсуі немесе еңбек туралы шағын әңгімені тыңдау, иллюстрация бойынша мазмұнын ретімен қайталап айту. Математика негіздері: өсу кезеңдерін ретімен орналастыру. Кішкентай өскін мен үлкен өсімдікті салыстыру. Екі қатардағы суреттерді жұптау арқылы тең немесе тең емес екенін анықтау. «Кеше бүгін ертең» ұғымдарын байланыстыру.	құрастыру. Көркем әдебиет: бағбан еңбегі туралы шағын мәтінді тыңдап, негізгі ойын айтып беру. Математика негіздері: ұзын-қысқа, кең-тар арналарды салыстыру. Алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен бағыттарын анықтау. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу.	алма үлгілері және әртүрлі көлемдегі себеттер мен жәшіктер ұсынылады. «Қай өнімді қай ыдысқа салған дұрыс?», «Ұзын өнімге қандай жәшік ыңғайлы?», «Қай себетте өнім көп?» деген тапсырмалар орындалады. Балалар өнімдерді сұрыптап, өз шешімдерін түсіндіреді. Тіл дамыту: себет, жәшік, өнім, жинау, сұрыптау, сақтау, тасымалдау сөздерін қолдану. «Мен сәбізді ұзын	жіп, мата, қағаз, қақпақ, қыстырғыш сияқты материалдарды зерттейді. Олардың түсін, пішінін, қаттылығын, жұмсақтығын салыстырады. «Қай материалдан ағаш жасауға болады?», «Қайсысы өнімге ұқсайды?» деген сұрақтар арқылы композиция жоспарын құрып, «Күзгі бақша» жасайды. Тіл дамыту: табиғи және қалдық материалдардың қасиеттерін сипаттау: жұмсақ, қатты,	Топта «Күзгі өнім жәрмеңкесі» ұйымдастырылады. Балалар бағбан, зерттеуші, сұрыптаушы, сатушы, сатып алушы және безендіруші рөлдеріне бөлінеді. Бағбандар өнім жинайды, зерттеушілер оның түсі, пішіні, көлемін сипаттайды, сұрыптаушылар өнімдерді топтайды, сатушылар сөреге орналастырады, сатып алушылар сұрақ қойып, қажетті өнімді таңдайды. Тіл дамыту: әңгімеге еркін қатысу, сұрақ қою, жауап беру және өз пікірін түсіндіру. «Бұл бақшада өскен

			жәшікке салдым, себебі...» сөйлемін жалғастыру. Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстыру. Көркем әдебиет: күзгі еңбек туралы қысқа өлеңді тыңдау және жатқа айтуға баулу.	тегіс, бұдыр, ұзын, қысқа, үлкен, кіші. Өз ойын толық сөйлеммен жеткізу. Көркем әдебиет: күз туралы көркем өлеңді тыңдау, бейнелі сөздерді есте сақтау және бірнеше жолын жатқа айту. Математика негіздері: фигураларды көру және сипап сезу арқылы тану. Материалдарды өлшемі бойынша салыстыру. Нысандардың орнын «оң жағында, сол жағында, алдында, артында»	қияр. Ол жасыл және ұзын», «Біз өнімді алдымен жинадық, кейін сұрыптадық» сияқты байланысты сөйлемдер құрастыру. Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды бекіту. Көркем әдебиет: күз, еңбек, бақша туралы қысқа өлеңдер мен санамақтарды жатқа айту. Таныс әңгіменің мазмұнын сурет арқылы қайталау.

				сөздерімен белгілеу.	
Балалармен жеке жұмыс	«Өз атын айту» **Мақсаты:** Баланы өз атын анық айтуға үйрету. Ибрахим,Альдина	«Түстерді ажырату» **Мақсаты:** Қызыл, сары, көк түстерді көрсетуге үйрету. Дарына,Айару	«Үлкен бе, кіші ме?» **Мақсаты:** Затт арды көлеміне қарай салыстыру. Мейрам,Аяна	«Жануарларды ң дыбысы» **Мақсаты:** Си ыр, ит, мысықтың даусын тану және қайталау. Эдилет, Инкар	«Суреттен таны» **Мақсаты:** Баланы суреттен жемістерді (алма, банан) көрсетіп айтуға жаттықтыру. Ясмин,Михаэль
Серуенге дайындық	Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау:	Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету	Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру	Киіміндегі ұқыпсыздықт ы байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.
Серуен	«Жаңбыр жауды» **Мақсаты:** Қимылды тез өзгертуге, тәрбиешінің белгісін тыңдауға үйрету. **Шарты:** Балалар алаңда серуендеп	«Қозылар жайылып жүр» **Мақсаты:** Жүру, жеңіл жүгіру және топпен әрекет ету дағдыларын дамыту.	«Ормандағы аю» **Мақсаты:** Епті лікті, зейінді және белгі бойынша жылдам әрекет	«Тиіндер жаңғақ жинайды» **Мақсаты:** Епт ілікті, зейінді және заттарды тасымалдау	«Көңілді аттар» **Мақсаты:** Жүру мен жеңіл жүгіруді алмастыруға, белгі бойынша тоқтауға жаттықтыру. **Шарты:** Балалар

	жүргендей еркін қозғалады. «Жаңбыр жауды!» дегенде қолдарын бастарына қойып, белгіленген «үйшікке» қарай жүгіреді. «Күн шықты!» дегенде қайтадан алаңға шығып ойнайды.	**Шарты:** Балалар қозылар болып алаңда жай жүреді. «Қозылар шөп жейді» дегенде еңкейіп, «шөп жегендей» қимыл жасайды. «Қозылар үйге!» деген белгіде бәрі тәрбиеші көрсеткен жерге жиналады.	етуді дамыту. **Шарты:** Тәрбиеші «аю» болып белгіленген жерде отырады. Балалар орманда серуендеп жүргендей еркін қозғалады. «Аю оянды!» дегенде балалар қауіпсіз белгіленген орынға қарай жеңіл жүгіреді, ал аю оларды қорқытпай, баяу соңынан жүреді.	дағдысын дамыту. **Шарты:** Алаңға ірі, қауіпсіз «жаңғақтар» орналастырылады. Балалар тиін болып бір-бірден жаңғақ алып, себетке апарып салады. «Тиіндер демалады!» деген белгі бойынша тоқтап, орындарына отырады.	ат болып алаңда қозғалады. «Аттар жүрді» дегенде жай жүреді, «Аттар шабады» дегенде жеңіл жүгіреді. «Аттар тоқтады!» деген белгі бойынша бәрі тоқтап, тыныш тұрады. Ойынды бірнеше рет қайталап, жүру мен жүгіру қарқынын алмастырады.
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік**	Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Қауіпсіздік**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу

	мәдениеті,еңбекке баулу	**мәдениеті,еңбекке баулу**	мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**		**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**
Кешкі ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**3 жастағы балалар: Математика негіздері:** Үлкен және кіші тұқымдарды салыстыру. Бір топ тұқымнан біреуін бөліп көрсету. Тұқымдарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Дөңгелек және сопақша пішінді ажырату. **Құрастыру:** Құрылыс бөлшектерінен тұқым	**3 жастағы балалар: Көркем әдебиет:** «Шөлдеген гүл» туралы шағын әңгімені тыңдау. Гүлге не себепті су қажет екенін айту. **Математика негіздері:** Ұзын-қысқа, кең-тар арналарды салыстыру. Затты оң және сол жақта орналастыру. Бірдей	**3 жастағы балалар: Математика негіздері:** Құралдарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру. Біртекті құралдарды топтау және біреуін бөліп көрсету. Құралдарды солдан оңға	**3 жастағы балалар: Математика негіздері:** Суреттерді солдан оңға қарай ретімен орналастыру. Кішкентай өскін мен үлкен өсімдікті салыстыру. Өсу кезеңдерінен	**3 жастағы балалар: Математика негіздері:** Көкөністерден біртекті топтар құру, біреуін бөліп көрсету. Ұзын-қысқа сәбіздерді, үлкен-кіші қызанақтарды салыстыру. Өнімдерді дөңгелек және сопақша пішіні бойынша

	егілетін «шағын бақша» немесе қоршау жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Өсімдіктің тұқымнан басталатыны, оның өсуі үшін күтім керектігі туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Баланы табиғатқа қамқорлық көрсетуге ынталандыру. **Сурет салу:** «Тұқымнан өскін шықты» тақырыбында тұқым мен кішкентай өскінді қарапайым сызықтармен бейнелеу. Құмға таяқшамен де салуға мүмкіндік беру. **Мүсіндеу:** Ермексазды бөліп алып, дөңгелектеу арқылы тұқымдар, ширату арқылы өскін сабағын жасау. **Жапсыру:** Дайын пішіндерді ретімен орналастырып «Тұқымөскін»	ұзындықтағы екі бөлшекті табу. **Құрастыру:** Әртүрлі түсті және пішінді құрылыс бөлшектерінен қарапайым суару жүйесінің моделін жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Өсімдіктерге судың қажет екенін, оларды уақытында суару керек екенін түсіндіру. Бақшадағы еңбек әрекеттеріне қызығушылық қалыптастыру. **Сурет салу:** Судың бағытын ұзын, қысқа, ирек сызықтармен көрсету. **Мүсіндеу:** Ширату және созу тәсілі арқылы су жүретін арна немесе су құятын ыдыстың қарапайым бейнесін жасау.	ретімен орналастыру. **Құрастыру:** Бағбанның құралдарын сақтайтын шағын орын немесе қойма құрастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Бақшадағы ересектер еңбегімен таныстыру, еңбек құралдарын мақсатқа сай қолдану туралы түсінік қалыптастыру. Еңбекті құрметтеуге баулу. **Сурет салу:** Бағбанның бір құралын немесе себетті өз бетінше бейнелеу. **Мүсіндеу:**	бір кезеңді бөліп көрсету. **Құрастыру:** Құрылыс бөлшектері мен дайын табиғат бейнелерін пайдаланып «Өсіп келе жатқан бақша» моделін құрастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Тірі табиғаттағы өзгерістерді байқауға, өсімдіктің бірден емес, уақыт өте өсетінін түсінуге үйрету. Өсімдікке күтім жасау қажеттігін бекіту. **Сурет салу:** «Өскін өсті»	ажырату. Сөреге сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. **Құрастыру:** Жәрмеңкеге қажетті үстел, өнім сөресі, себеттер тұратын орын, шағын дүңгіршек құрастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Бақшадағы еңбек нәтижесінің өнім алуға жеткізетінін түсіндіру. Бірлесіп еңбек ету, өзінің міндетін орындау, құрдастарымен келісу, туындаған қарапайым мәселені бірге шешу және өз іс-әрекетін оң бағалау дағдыларын дамыту. **Сурет салу:** «Біздің мол өніміміз» тақырыбында

	композициясын құрастыру. «Тұқымға не керек?» ойыны арқылы су, топырақ, күтім туралы білімдерін бекіту. **4 жастағы балалар:** **Құрастыру:** табиғи материалдар мен құрылыс бөлшектерін біріктіріп, «Өсіп келе жатқан бақша» моделін жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өсімдіктің өсуі мен адам еңбегінің байланысын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге, еңбектің нәтижесін бағалауға баулу. **Сурет салу:** «Күзгі бақша» тақырыбында биік өсімдік, одан аласа бұта және гүлдердің көлемдік арақатынасын сақтап бейнелеу. **Мүсіндеу:** тұқым, өскін және дайын өнімнен қарапайым	**Жапсыру:** «Суөсімдік» байланысын дайын бейнелер арқылы көрсету: су көзінен өсімдікке қарай дұрыс бағытты орналастыру. **4 жастағы балалар:** **Құрастыру:** лего, пластина және кірпіштерден суару жүйесінің моделін жасау. Пластиналарды тігінен, бөлшектерді көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** бақша дағы суару еңбегінің маңызын түсіндіру, адамның табиғатқа күтім жасауы қажеттігін ұғындыру. **Сурет салу:** суару жүйесінің	Ширату, созу, дөңгелектеу тәсілдері арқылы күрек сабы, себетке салынатын өнімдер жасау. **Жапсыру:** «Құраләрекет» сәйкестігін құрастыру. Мысалы, су құятын ыдысты гүлмен, себетті өнімдермен сәйкестендіру. **4 жастағы балалар:** **Қазақ тілі:** «Мен қиярды жәшікке салдым», «Сәбізді себетке жинадым» сөйлемдерін қолдану. Сөздерді септеп, тәуелдеп қолдануға жаттықтыру.	тақырыбында кішкентай және үлкен өсімдікті салыстырып салу. **Мүсіндеу:** Ширату тәсілімен өсімдік сабағын, дөңгелектеу арқылы өнімдерді жасау. **Жапсыру:** «Тұқымнан өнімге дейін» ретті композиция. Дайын бейнелерді өсу тәртібімен орналастыру. **4 жастағы балалар:** **Құрастыру:** т абиғи және қалдық материалдарда н күзгі бақша	балалардың өз ойынан сурет салуына мүмкіндік беру. Қағазға, құмға немесе асфальтқа бормен көкөніс-жемістер бейнелеу. Қауіпсіздік пен ұқыптылықты сақтау. **Мүсіндеу:** Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін қолданып қызанақ, алма, сәбіз, қияр және қарапайым азық-түлік тағамдарын мүсіндеу. **Жапсыру:** Дайын пішіндерден «Мол өнім» ортақ композициясын құрастыру. Қызанаққа қызыл, қиярға жасыл, сәбізге сәйкес түсті таңдау.

	көлемді композиция жасау. **Жапсыру:** «Тұқымнан өнімге дейін» кезеңдерін ретімен орналастырып, қағаз бетінде композиция құрастыру.	қарапайым сызбасын жасау, су бағытын сызықтармен көрсету. **Мүсіндеу:** өсімдік пен су құятын ыдыстың көлемді үлгісін жасау. **Жапсыру:** ұзын және қысқа жолақтарды қиып, «Бақшадағы су жолы» композициясын құрастыру. **Қорытынды:** балалар «Қай жол тиімді болды? Неліктен?» сұрағына өз шешімін түсіндіреді.	**Математика негіздері:** өнімдерді екі қатарға орналастырып, жұппен салыстыру. Тең немесе тең емес екенін анықтау. Ұзындығы мен ені бойынша өнімдер мен ыдыстарды салыстыру. **Құрастыру:** қорап, қақпақ және басқа қалдық материалдардан өнім сақтайтын жәшік немесе себет тұратын орын жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** күзгі өнім жинау еңбегінің кезеңдерімен таныстыру, еңбек нәтижесіне ұқыпты қарау,	композициясын жасау. Қағазды бүктеу, шиыршықтау тәсілдерін қолдану. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** күзгі табиғат пен адам еңбегінің байланысын түсіну. Табиғи материалдарды ұқыпты пайдалану және қоршаған ортаға қамқорлық жасау. **Сурет салу:** биік ағаш, одан аласа бұта, бұтадан аласа гүл арақатынасын сақтап «Күзгі бақша» суретін салу.	**4 жастағы балалар:** **Математика негіздері:** өнімдерден әртүрлі жиындар құру. Екі қатардағы өнімдерді жұппен салыстырып, тең немесе тең емес екенін анықтау. Ұзын-қысқа, үлкен-кіші, кең-тар белгілерін салыстыру. Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш және цилиндрді тану. Өнімдерді сөреде солдан оңға қарай орналастыру. **Құрастыру:** лего, пластиналар, қораптар мен қалдық материалдарды пайдаланып жәрмеңке сөресін, үстелін және өнім сақтайтын орын жасау.

			үлкендердің еңбегін бағалау. **Сурет салу:** «Өнімге толы себет» композициясын салу, заттардың көлемдік арақатынасын көрсету. **Мүсіндеу Жапсыру**	**Мүсіндеу:** күз гі өнімдерді көлемді түрде жасап, ортақ композицияға біріктіру. **Жапсыру:** ұз ын және қысқа жолақтарды қиып, дайын және табиғи материалдарм ен біріктіріп күзгі композиция жасау. Қайшымен жұмыс кезінде қауіпсіздікті сақтау.	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** ересек тердің күзгі еңбегі туралы білімдерін кеңейту. Еңбектің нәтижесін бағалау, бірлесіп жұмыс жасау, өз міндетіне жауапкершілікпен қарау, өз ойын еркін білдіру және басқалардың пікірін құрметтеу. **Сурет салу: Мүсіндеу Жапсыру** шаршыдан дөңгелек, тікбұрыштан сопақша пішіндерді қиып, қияр, сәбіз, қызанақ, алма бейнелерін жасау. Қиылған пішіндерді қағаз бетіне үйлесімді орналастырып, «Мол өнім» композициясын құрастыру.

Балалардың үйге қайтуы	Балаңызбен бірге көңілді қимылды ойын ойнаңыз. Допты домалату, бір орында секіру, музыка ырғағымен жүру және қарапайым қимылдарды қайталау пайдалы. Мұндай ойындар баланың жалпы қимыл белсенділігі мен үйлесімділігін дамытады.	Баланың сол күні жасаған бір жақсы ісін атап өтіңіз. Мысалы: «Сен ойыншығыңды бөлістің», «Маған жинауға көмектестің». Нақты әрекетін атап мақтау балаға қандай мінез-құлықтың жағымды екенін түсінуге көмектеседі.	Балаңыздың күні бойы көрген қызықты оқиғасын тыңдауға уақыт бөліңіз. Сөйлеп тұрған кезде сөзін бөлмей, қажет болса «Содан кейін не болды?» деп әңгімені жалғастыруға көмектесіңіз. Бұл сөйлеу белсенділігімен қатар, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтады.	Ұйықтар алдында белсенді ойындарды біртіндеп азайтып, тыныш әрекетке көшіңіз. Қысқа ертегі оқу, баяу әуен тыңдау немесе баламен тыныш әңгімелесу арқылы ұйқыға дайындалуына жағдай жасаңыз.	Үйде бірге таныс балалар әнін айтып, музыкаға қарапайым қимылдар жасаңыз. Шапалақтау, айналу, аяқпен топылдату сияқты әрекеттерді бірге қайталаңыз. Бұл ырғақты сезінуін, қимыл үйлесімділігін және жағымды эмоциясын дамытуға көмектеседі